

## Май ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы

Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 2024 жылғы 26 наурыздағы № 1/12 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 27 наурызда № 7516-14 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Занының 6-бабына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Занының 97-бабына, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы "Тұрғын үй көмегін беру қағидаларын бекіту туралы" № 117 бұйрығына сәйкес, Май аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Май ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі айқындалсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың білім, деңсаулық сақтау, мәдениет және әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Май аудандық мәслихатының төрағасы

М. Хызыр

Май аудандық  
мәслихатының 2024 жылғы  
26 наурыздағы № 1/12  
шешіміне қосымша

## Май ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртіби

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 11.07.2024 № 3/15 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Май ауданының аумағындағы тұрақты тіркелген және тұратын, Қазақстан Республикасының аумағындағы жалғыз тұрғынжай ретінде меншік құқығында тұрған аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) (бұдан әрі - қызметті алушы), сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды жалдаушыларға (қосымша жалдаушыларға):

-кondоминиум объектісін басқаруға және kondоминиум объектісінің ортақ мұлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде kondоминиум объектісінің ортақ мұлкін құрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарға;

-коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға;

-мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеуге беріледі.

Тұрғын үй көмегін есептеуге енгізілген қызметті алушының шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

2. Тұрғын үй көмегі kondоминиум объектісін басқаруға және kondоминиум объектісінің ортақ мұлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде kondоминиум объектісінің ортақ мұлкін құрделі жөндеуге жұмсалатын шығыстарды, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуға, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген тұрғынжайды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғынжайды пайдаланғаны үшін шығыстарды төлеу сомасы мен көрсетілетін қызметті алушылардың осы мақсаттарға 5 (бес) пайыз мөлшерінде жұмсайтын шығыстарының жергілікті өкілді органмен белгілеген шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушырға тегін негізде көрсетіледі.

Тұрғын үй көмегін тағайындауды "Май ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы (немесе оның сенімхатқа, зандарға, сот шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе "электрондық үкімет" веб-порталына тоқсанына бір рет жүргінуге құқылы.

## 2 - тарау. Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері

4. Az қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындау төмендегі нормаларға сәйкес жүргізіледі:

- электр плиталарын пайдаланатын тұтынушылар үшін - бір адамға айна 110 (жұон) киловатт мөлшерінде;

- электр плиталарын пайдаланбайтын тұтынушылар үшін - бір адамға айна 90 (тоқсан) киловатт.

5. Тұрғын үй көмегі көрсетілген қызметті алушыларға kondоминиум объектісін басқаруға және kondоминиум объектісінің ортақ мұлкін күтіп-ұстауға, оның ішінде

көндөмниум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жеткізушілер ұсынған ай сайынғы журналар туралы шоттарға және шығыстар сметасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу "Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің өсуін өтеу мөлшерін айқындау және қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы цифралық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 295/НҚ бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

### **3-тaraу. Тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібі**

6. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан немесе "электрондық үкімет" веб-порталынан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап 8 (сегіз) жұмыс күнін құрайды.

Көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариалды куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылымдар министрінің 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 117 бұйрығымен бекітілген Тұрғын үй көмегін көрсету қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) Мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариалды куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) қайта өтініш берген кезде Қағидалардың 11-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, өтініш бергенге дейін өткен тоқсан үшін отбасының кірістерін растайтын құжаттарды және коммуналдық шығыстардың шоттарын ғана ұсынады.

7. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан немесе "электрондық үкімет" веб-порталынан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап 6 (алты) жұмыс күнін құрайды.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Павлодар облысы Май аудандық мәслихатының 09.07.2025 № 1/28 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

### **4-тaraу. Тұрғын үй көмегін төлеу**

8. Тұрғын үй көмек көрсетуге жұмсалатын шығыстарды қаржыландыру Май ауданының бюджетінде көзделген ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

9. Тұрғын үй көмектің артық төленген сомалары ерікті түрде қайтарылады, зансыз алынған сомалар ерікті түрде немесе сот тәртібімен қайтарылуға тиіс.

10. Көрсетілетін қызметті алушыға тұрғын үй көмегін төлеуді уәкілетті орган жергілікті өкілді органдар айқындаған тәртіппен екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК